

Науалы ауылдық округіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 03 мамырдағы N 7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұржар аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 24 мамырда N 5-18-150 тіркелді. Күші жойылды - Ұржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 14 қарашадағы N 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 14.11.2013 N 2 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Ұржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 2012.12.25 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып Ұржар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының 2012 жылдың 13 сәуіріндегі № 266 ұсынысы негізінде Науалы ауылдық округі әкімі
Ш Е Ш Т І :

1. Науалы ауылдық округінде ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ұржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 2012.12.25 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұржар аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы С. Күлмұхаметовке осы шектеу іс-шаралары талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Науалы ауылдық округінің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық мал дәрігері Н. Алтынбеков сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л е д і .

Науалы ауылдық округінің әкімі

Ө. Шоқпарбаев

Келісілді:

*Қазақстан Республикасы ауыл
шаруашылық Министрлігі
ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Ұржар
аудандық аумақтық инспекциясының
мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық*

инспекторы

С. Күлмұхаметов

03 мамыр 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК